

Өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

Астана қ.

« 28 » қыркүйек 2016ж.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – Комитет) және «Минералды ресурстар мен минералдық қорлардың геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі туралы бұқаралық есептіліктің Қазақстандық қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі KAZRC қауымдастығы), «Жер қойнауын пайдаланудың тәуелсіз сарапшылар кәсіби қауымдастығы» Қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – ПОНЭН) бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатындар:

- Комитеттің Қазақстанның пайдалы қазбаларының минералдық ресурстары мен запастарын тиімді және толық пайдалану және Ұлт жоспары – 100 қадамның «Пайдалы қазбалар қоры жөнінде есеп берудің CRIRSCO халықаралық стандарттар жүйесін енгізу арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының ашықтығы мен болжамдылығын арттыру» 74-қадамын іске асыру үшін жағдайлар жасауда ниетін назарға ала отырып;

- KAZRC Қауымдастығының Қазақстан Республикасы Ұлттық жария есептілігі ұйымының мәртебесінде CRIRSCO халықаралық комитетінің мүшесіне енуін және геологиялық барлау жұмыстарының, минералдық ресурстар мен минералдық қорлардың нәтижелері туралы жария есептіліктің CRIRSCO халықаралық стандарттарының тобына KAZRC стандарттарын қабылдауды назарға ала отырып;

- ПОНЭН CRIRSCO халықаралық комитеттің талаптарына жауап беретін кәсіби ұйым ретінде тануды назарға ала отырып;

- KAZRC геологиялық барлау жұмыстарының, минералдық ресурстар мен минералдық қорлардың нәтижелері туралы жария есептіліктің стандарттарын енгізу бойынша Тараптардың өзара әрекеттерін нығайту үшін қабылдайды.

Тараптар төмендегі бойынша келісті:

1. Осы Меморандумның мақсаты CRIRSCO қағидалары мен талаптарына сәйкес KAZRC геологиялық барлау жұмыстарының, минералдық ресурстар мен минералдық қорлардың нәтижелері туралы жария есептіліктің стандарттарын үйретуді және енгізуді ұйымдастыруда ынтымақтастығы болып табылады.

2. Тараптар KAZRC стандарттары бойынша геологиялық барлау жұмыстарының, минералдық ресурстар мен минералдық қорлардың нәтижелері туралы жария есептілікті жасау үшін, қазақстандық мамандарды даярлаудың көп деңгейлі жүйесін құру және дамыту жөнінде ниетін білдіреді.

3. Тараптар CRIRSCO комитетінің қағидалары мен ұсынымдарына сәйкес KAZRC стандарттары және CRIRSCO топтас басқа стандарттар бойынша қазақстандық мамандарды үйрету бағдарламасын KAZRC Қауымдастығында келісуге және тіркеуге тиіс деп растайды.

4. KAZRC есептілігі стандарттары және CRIRSCO топтас басқа стандарттар бойынша үйрету бағдарламасын, биржалармен танылған шетелдік кәсіби ұйымдардың мүшесі болып табылатын құзыретті тұлға оқыту мүмкіндігін тараптар растайды.

5. Тараптар KAZRC (CRIRSCO) есептілігінің стандарттарын үйретуді аяқтау туралы құжат білім беру ұйымымен, KAZRC Қауымдастығымен және ПОНЭН куәландырылуға тиіс деп растайды.

6. Тараптар ол мына нысандарда жүзеге асырылатын, Меморандумның ережелерін орындауда қажетті көмек көрсетуге дайын:

- ақпарат алмасу;
- кеңес беру;
- бірлескен жұмыс топтарын құру.

7. Тараптар осы Меморандумды ҚР жер қойнауын-пайдаланушы-компанияларға және KAZRC (CRIRSCO) стандарттарын үйрету мақсатында, білім беру ұйымдарына жіберу ниеттерін білдіреді.

ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы

 Нұрабаев Б.Қ.

KAZRC Қауымдастығының Атқарушы директоры

 Уразаева С.Б.

ПОНЭН Атқарушы комитетінің төрағасы

 Кошко К.А.

